

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ҒАСЫРЫ» ПӘНІ БОЙЫНША ҚЫСҚАША ДӘРІСІ

Андрон мәдениеті, оның сипаттамасы. Қола дәуірін кезеңдеу мәселесі

Андрон мәдениеті мен афанасьев, карасұқ мәдениеттерінің ара-қатынасы. К.В. Сальниковтың, О.А. Кривцова - Гракованың андрон мәдениетінің кезеңдері жөніндегі пікірлері. Киселев пен С.П. Толстовтың Хорезм мен Оңтүстік Сібірдің қола дәуірін кезеңдеуі. М.П. Грязнов, К.А. Ақышевтың Орталық Қазақстанның қола дәуірін кезеңдеуі. Ә.Х. Марғұлан және Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Комарова, Стоколос, Зданович, Аванесова т.б. қола дәуірін кезеңдеу мәселесі.

Солтүстік Қазақстанның қола дәуірін кезеңдеуі және замараев мәдениетінің проблемасы. В.С. Сорокин замараев мәдениеті жөнінде. С.С. Черников пен А.Г. Максимованың Шығыс Қазақстанның қола дәуірін кезеңдеуі, мәдениетке бөлуі.

Орталық Қазақстанның қола дәуірі

Орталық Қазақстанның қола дәуірін кезеңдеу мәселесі. Ақшатау, Бұғылы, Атасу, Қосағал топтары. Қанаттас, Ботақара, Ақмола топтары. Қоршаулардың сыртқы, ішкі құрылымы. Жерлеу рәсімі. Керамикалық заттар. Ескерткіштерді мерзімдеу.

Орталық Қазақстанның қола дәуірі тайпаларының шаруашылығы

Орталық Қазақстанның қола дәуірі тайпаларының шаруашылығы және тұрмысы. Орталық Қазақстан ескерткіштеріндегі үй жануарлар сүйегі, егіншілік іздері. Мал шаруашылығы, малдың түрі. Егіншілік құрал - саймандар. Беғазы- Дәндібай дәуіріндегі көшпелі мал шаруашылығы кезеңі.

Тұрғын үйлері. Ыдыстары. Әшекей заттары. Көне кен өндіру орындары. Кен қазу құрал — саймандары.

Орта қоладан соңғы қолаға өтпелі кезең ескерткіштері

Беғазы - Дәндібай мәдениетінің ашылу тарихы (К.Ақышев, Ә.Х. Марғұлан). Беғазы-Дәндібай мәдениетіне ұқсас мәдениеттер.

Орта қоладан соңғы қолаға өтпелі кезең ескерткіштері (б.з.д. XIII-XI ғғ). Беғазы-Дәндібай мәдениеті ескерткіштері (Беғазы, Бұғылы-3, Саңғыру-1, Дәндібай).

Модуль 3. Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстанның қола дәуірінің қоныстары мен жерлеу орындары

Шығыс Қазақстанның қола дәуірі

Қанай ауылы жанындағы тұрақ. Сүйектен, мүйізден, саз-балшықтан жасалған заттар. Усть-Нарым қонысы. Мәдени қабаттары. Тас және сүйек заттар. Керамика және оның түрлері.

Трушников қонысы. Құдық. Тас, сүйек және керамика. Қанай ауылы

қонысы. Мало-Красноярск қонысы. Шығыс Қазақстан андрон мәдениетінің ескерткіштері. Қарасұқ тектес құрал-жабдықтар.

Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі

Солтүстік Қазақстанның қола дәуірінің зерттелу тарихы. Федоров кезеңінің ескерткіштері Бурабай, Обалы, Бүйреkkөл. Ескерткіштердің мәдени тегі.

Алакөл кезеңінің ескерткіштері. Петропавл, Ефимовка, Бурабай ескерткіштері. Керамикасы, жерлеу рәсімі. Замарай мәдениеті. Жерлеу орындары және қоныстар. Вишнеvск, Петровка, Ново-Никольская, Боголюбово, Арқайым. Г.Б. Здановичтың кезеңдеуі.

Батыс Қазақстанның қола дәуірі

Зерттелу тарихы. Ескерткіштердің сыртқы көрінісі. Батыс Қазақстанның қола ескерткіштерінің көрші аймақ ескерткіштерімен мәдени-генетикалық байланысы. Ерте қола ескерткіштері.

Орта қола ескерткіштері. Тастыбұтақ, моласы мен қонысы. Жер беті құрылыстары, жерлеу әдеті. Соңғы қола мәдениеті. Оның кезеңдері. Заттар, керамика мерзімін анықтау. Жұрттың антропологиялық типі.

Оңтүстік Қазақстанның қола дәуірі

Ескерткіштердің зерттелуі. Таутары, Қараөзек, Ұйғарақ, Көксеңгір ескерткіштері. Тазабагьяб мәдениетінің әсерлері. Амирабад мәдениетінің әсерлері. Тегіскен. Жерлеу рәсімі, керамикасы, жер беті, жер асты құрылыстары. Қаратау тастағы таңбалары.

Жетісудің қола дәуірі.

Таңбалы тастағы таңбалары, Ойжайлау, Асы бойы, Қарақұдық ескерткіштері. Діни ұғымдары, қоғамдық құрылыстары. қола дәуіріндегі өнердің дамуы, басқа аймақтармен байланысы.

Қола дәуірінің кезеңдеу мәселесі

Қазақстан территориясындағы қола ғасырының тайпалар мәдениеті кейінгі ғасырдағы мәдениеттердің қалыптасуында зор ықпалын тигізді. Оның көптеген белгілері далалық тайпалардың, сонымен бірге қазақтардың материалдық және рухани мәдениетінде қазіргі уақытқа дейін сақталған. Андрон мәдениеті - Қазақстан, Сібір және Орталық Азия жерлерінде мекендеген тайпалар мәдениеті. Бұл ескерткіштердің тұңғыш рет 1914 жылы Ачинск қаласының маңындағы Андрон деревнясының маңынан табылуына байланысты ғана ғылымда осылай аталып кеткен. Бұл мәдениет Қазақстан жерінде сол дәуірде мекендеген тайпалар арасында кеңінен тараған. Осы мәдениет өзінің таралу аймағына және өзіндік ерекшеліктеріне қарай тарихи үш кезеңге бөлінеді. Алғашқысын "ерте кезең" деп атайды.

Ерте кезеңге біздің заманымыздан бұрынғы XVII - XVI ғасырлардағы Петров мәдениетін жатқызады.

Ал, екіншісін "орта кезең" деп атайды. Орта кезеңге біздің заманымыздан бұрынғы XV -XII ғасырлардағы Алакөл - Атасу, Федоров - Нұра мәдениеттерін жатқызады.

Ал, үшіншісін "соңғы кезең" деп атайды. Соңғы кезеңге біздің заманымыздан бұрынғы XI -IX ғасырлардағы Сарығары, Беғазы – Дәндібай мәдениеттерін жатқызады.

Андрон мәдениеті сол дәуірде өмір сүрген тайпалардың тұрмыс-салтынан мол мәлімет береді. Олар егін егіп, мал өсірген, аң аулап, құс атуды да кәсіп еткен. Үйлерді шымнан, бөренелерден салған, іргесіне тас қалаған. Алғашқы кезеңдегі қоныстарын биік дуалдармен қоршап, оны айналдыра ор қаздырған. Ал оның ішіндегі қала көбіне қамалға ұқсаған. Орта кезеңдегі қоныстарында қамал бол-маған. Қоныс үлкейіп жүз, жүз жиырма үйге дейін жеткен. Соңғы кезеңде көшіп-қонуға ыңғайлы дөңгелек, құрастырмалы (диаметрі 6-10 метр) үйлерде тұрған. Олар мыс кендерін қазып та пайдаланған. Олар адамзат өркениетінде металды шебер пайдаланған зергерлер болды. Сол кезеңді қола дәуірі деп атайтыны сондықтан. Діни наным-сенімдері бойынша күнге, отқа, қасиетті жануарларға табынған. Олардың бейнелері тастағы суреттерде, әшекей бұйымдарда көптеп кездеседі. Андрон мәдениеті кезіндегі тайпалардың тұрмыс-салты, кәсібі, қол өнері қазақ халқының тіршілігінде көп сақталған, яғни, ғылымда "Андрон мәдениеті" деп аталатын өркениет бастауын біздің арғы ата-бабаларымыз жасаған.

Қола дәуірі б.з.б. 4 -1 мың жыл бұрынғы кезеңді қамтиды. Кейіннен темір ғасырына ауысты.

Орталық Қазақстанның қола дәуірі тайпаларының шаруашылығы

Бұрынғы аңшылардың қысқа маусымдық тұрақтарының орнына, суы мол өзен, көл, бұлақтар жағаларына ұзақ мерзімді қоныстар салынды.

Қоныстағы үйлер мен шеберханалар алғашында жартылай жер кепе түрінде шымнан қаланып, бөренелермен бекітілген. Кейбіреулерінің жылы

әрі берік болуы үшін іргесі тігінен, қырынан көмілген жалпақ тас плиталармен көмкерілді. Үйлердің көлемі 30-120 шаршы метрге жетті. Олар ішіндегі жанұялар санына сәйкес бірнеше бөліктерге бөлініп, әрқайсысына жерошақ салынған. Қола дәуірінің орта кезінде салынған Атасу, Мыржық, Ақ Мұстафа қоныстарындағы үйлер мен шеберхана қыс кезінде кан типтес етіп, бөлмелердің ішкі іргелерімен өтетін мыс балқыту пештерінен тартылған ұзын түтін құбырларымен жылытылған.

Қорымдары қоныстарға жақын орналасқан. Қоныс пен қорым арасын әдетте өзен арнасы, жота немесе төбешік бөліп тұрады. Осылар арқылы бұл дүние мен о дүние мекендері бір-бірінен алшақтатылған сияқты. Жерлеу ғұрпы екі түрлі сипатта болды. Біріншіде, мәйіт көр ішіне қолы мен аяғын бүгіп қырынан, басын көбіне батысқа, кейде шығысқа қарап жерленсе, екіншіде өліктің денесін арнаулы орындарда өртеп, күлін қойған. Көрлер негізінен төрт бұрышты, көп жағдайда трапеция тәрізді етіп, қырынан көмілген жалпақ тастардан құралған жәшік түрінде немесе төрт қырлы тастармен өріп шегенделген (циста). Мәйіт жерленген соң көр беті жалпақ тастармен жабылған. Көрлер қырынан, тігінен көмілген немесе жалпағынан қаланған тастардан, дөңгелек, төрт бұрышты, шаршы пішінді қоршаулар ішіне салынған. Кейде бір қоршау ішінде бірнеше жәшік болады. Олар бір атаның ұрпағы болған.

Мәйіттің бас жағына немесе аяқ жағына бай геометриялық өрнегі бар керамика ыдыстарға сұйық ас құйып, бетін таспен немесе басқа үлкен ыдыстардың сынығымен жауып қойған. Сонымен қатар құрбандыққа шалған мал мүшелері де кездеседі. Жерленген кісінің бас киімі мен киімі әртүрлі әшекей бұйымдармен безендіріліп, о дүниеде пайдалануы үшін қару мен құрал-саймандар қоса салынған.

Қола дәуірінің соңғы сатысы - Беғазы-Дәндібай мәдениеті кезінде тайпалардың әлеуметтік құрылымында қоғамда алғашқы мемлекет белгілері пайда болды. Қоғам басшылары: әскербасыларға, абыздарға, ру ақсақалдарына ірі тастардан (Беғазы, Дәндібай, Айбас дарасы т.с.с.) немесе оңтүстікте ірі шикі кірпіштерден (Түгіскен, Ұйғарак) зәулім кесенелер тұрғызды. Қабір ішіне мол етіп құрал-сайман, қару-жарақ, әшекей бұйымдары мен әртүрлі өрнектермен безендірілген сан-алуан керамика ыдыстары қойылған.

Мәдени-әкімшілік орталықтары қызметін атқарған Кент, Мыржық, Ақбауыр, Бұғылы сияқты аса ірі қоныстар пайда болды. Олардың ішінде үйлер мен шеберханалармен қатар діни ғұрыптар өткізетін ғимараттар бар. Төңірегін оншақты ұсақ қоныстар қоршай орналасқан.

Өзен бойлары мен тау қойнауларындағы құнарлы жерлерді тас, сүйек түрендермен жырттып, арықтармен су тартып, дәнді-дақылдар өсірді. Қазірге дейін сақталған төрт түлік үй жануарларын асыраған. Жылқыны, өгізді және түйелерді салт мініп, кейіннен дөңгелекті арбаларға жегіп пайдалану, тұрғындардың алыс жерлерге жетіп, жаңа шабындық пен жайылымдарды игеріп, елді мекендерден алыс жердегі кендерді қазып, тасуға, көрші тайпалармен тауар алмасуды жеделдетуге зор ықпал жасады. Тұрақты

қоныстарды мекендеу, өздерін тамақ өнімдерімен жыл бойы қамтамасыз ету, тұрғындардың санының өсуіне, артық өнімнің жиналуына, кәсіп түрлеріне қарай мамандануға әкелді.

Жеке тайпалар мен жалпы андрон мәдени-тарихи қауымдастығы ішіндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер бейбіт жолмен өткен жоқ. Қарулы қақтығыстар болып тұрды. Осыған байланысты ағаштан, топырақтан үйген қорғаны бар Арқайым, Сынташты сияқты елді мекендер пайда болды. Қару-жарақ түрлері жетілді.

Б.з.б. III мыңжылдықтың аяғында Қазақстан тайпалары мыс, қалайы, алтын мен күмісті балқытуды игерді. Әсіресе б.з.б. II мыңжылдықтың алғашқы ширегі мен орта кезінде түсті металл өндіру, олардан бұйым жасау жоғары дәрежеде дамыды. Атасу, Мыржық, Ақмая, Талдысай, Милықұдық, Сорқұдық сияқты тұрғындары негізінен қола өндірісімен айналысатын қоныстар пайда болды. Құрамы күрделі, мыс пен қалайы т.б. түсті металдар қорытпасы қоланы балқытып алуға арналған әртүрлі агрегаттар салынды.

Мыс балқыту пештері бірнеше түрлі болған. Кең тараған түрі жерден шұңқырлай қазылған пештер. Олардың ернеуінің диаметрлері 1-2 м, тереңдігі 0,6-1,5 м жетеді. Қабырғалары тік немесе конус тәрізді, отқа төзімді балшықпен 10-20 см етіп сыланған. Пештерді бірнеше қайтара пайдаланған. Оны сылақ арасында сақталған жұқа күйе қабаттары көрсетеді. Қабырғаның қалың сылағы арасына спираль тәрізді етіп пеш түбіне көрікпен ауа үрлейтін 1-3 қатар каналдар -фурмалар жасалған. Фурманың осылай жасалуы металл балқыту процессінде аса маңызды ролі бар ыстық ауамен үрлеуді қамтамасыз еткен. Пеш шұңқырының кенересіне немесе түтін құбыры ішінен пештен шығатын ыстық жалын жететін 0,5-1 м қашықтықта қырынан қойылған тастардан, тигельдер (мыс балқытатын ыдыс) қоятын төртбұрыш не дөңгелек орын жасалған. Көптеген пештердің ұзындығы 7-12 метрге жететін түтін құбырлары бар. Олар жерден тереңдігі 20-30 см етіп арық сияқты қазылып, үстін тас плиталармен жауып, балшықпен қалың етіліп сыланған. Ежелгі металлургия осылай мыс кендерін балқыту кезінде бөлінетін улы газдармен уланбау шарасын шешкен.

Пештердің екінші түрі қарапайым жерошақ тәрізді. Екі шұңқырдан тұрады. Терең бөлігіне от жағылып, таяздау екіншісіне тигельдер қойған.

Үшіншісі, мыс балқытылатын шұңқыр үстіне тікелей тастан қалап балшықпен сыланған биік құбыр түрінде жасалған. Тигель қойылатын орын да құбыр ішіне салынған.

Қазақстандағы қола дәуірінің орта кезеңіндегі барлық дерлік қоныстарда қола балқыту мен одан бұйым құю істерінің іздері сақталған.

Балқу температурасы төмен, өңдеуі оңай, қаттылығы мен түсі әртүрлі қоланы балқытып, іске жарату қауымдастықтың қоғамдық-экономикалық дамуының ілгері басуына едәуір ықпал етті. Пайдалануға ыңғайлы, еңбек құралдары, қару-жарақ, әшекей бұйымдарының көпшілігі қоладан жасалды. Қола заттар мен оның қорытпа кесектері тауар алмасуға да пайдаланылды. Мыс, қола балқытуға байланысты жаңа ғұрыптар пайда болды. Мәселен,

шеберлер мыс балқытатын пештердің төңірегіне қой немесе ешкіні құрбандыққа шалған.

Қазақстан жерінде мыс пен қалайының тотыққан кендерін өндіру жоғарғы дәрежеге жетіп, Жезқазған, Саяқ, Кенқазған, Болаттау т.б. ежелгі ірі-ірі кен өндіру орындарына айналды. Тек Жезқазғанның өзінен сол кезде бір миллион тоннаға жуық кен өндірілген.

Қоныс тұрғындарының арасынан металлургиямен қатар маман көзешілер, зергерлер, сүйек пен тасты өңдейтін шеберлер шықты. Олардың арнаулы шеберханалары табылды. Атасу қонысындағы «көзешілер үйінен» көзе жасауға қажет саз балшық, таза құм, тастан, сүйектен сылағыш, тегістегіштер, өрнек салуға арналған түзу және тарақ тісті штамптар, ыдысты кептіру және күйдіру кезінде пайдаланатын тас дискілер - тұғырлар т.б. табылды. Ал Мыржықтағы сүйек өңдеу шеберханасында сүйек құралдары, құрал жасауға ыңғайлы мал және басқа жануарлар сүйектері сақталған. Оның ішінде Солтүстік аймақтардан арнайы алдырған бұлан, бұғы мүйіздері де бар.

Көшпелі мал шаруашылығы, алыс елдермен тауар алмасу, кен өндіру мен балқыту, тас өңдеу мен құрылыс салу сияқты ауыр еңбек және шекара мен жинақталған байлықты қорғау істері қоғамдағы ер адамдардың ролін көтерді. Біртіндеп бұрынғы матриархат орнына патриархат келді. Табиғат құбылыстарына, аспан шырақтарына, отқа табыну және тотемизм сияқты діни сенімдер өнер туындылары арқылы бейнеленді және қоныс ішінде, рулық қорымдарда арнайы храмдар, ғибадатханалар, құрбандық шалу құрылыстары салынды. Қошқар, жылқы, қос өркешті түйе, аю т.б. сияқты тотемдік жануарлардың тастан қашалған мүсіндері пайда болды. Ежелгі адамдардың дүниетанымы сол сияқты саз ыдыстардың өрнектері мен басқа заттарда да кездеседі. Саздан, тастан, сүйек пен қоладан жасалған ұсақ бұйымдардың көбі антропоморфты және зооморфты бейнелермен әсемделді.

Ежелгі тайпалардың дүниетанымы жөнінде кең тарихи мәлімет беретін өнер ескерткіштерінің арасында петроглифтер ерекше орын алады. Тік жартастарға және қойтастар бетіне жылқы, қошқар, таутеке, түйе, бұғы т.б. тотемдік жануарлардың бейнелері; тұрмыстағы жағдай - аңшылық, жер жырту, үйлердің суреті; мифологиялық көріністер - құдай мінетін арбалар, күн бейнелі абыздар, ғұрыптық бейнелер; маска киген адамдар салынған. Петроглифтердің салынған орындар жылда құрбан шалатын әулиелі жер болып есептелген.

Зерттеулер Андрон мәдениеті адамдарының көпшілігінің бет пішіні европеоидтық нәсілге жататынын көрсетті.

Қазақстанның орталық, солтүстік және шығыс аймақтары андрондықтардың протоевропалық бөлігіне жатады. Олар - бас сүйектері көлемді мезокранды, кең маңдайлы, көз ұясы терең, қоңқақ мұрынды болып келген.

Ал Қазақстанның батыс және оңтүстік-батыс аудандарын европеоидтық Жерортатеңіздік тобы мекендеген. Басы сопақ (долихокранды), атжақты.

Негізінен Жерортатеңіздік типтегі тұрғындар Европаның оңтүстік-батысы мен Орта Азияның оңтүстігін мекендеген. Осы екі топтың тікелей

өзара байланысы нәтижесінде аралас нәсілдік түр қалыптасты.

Палеоантропологиялық зерттеулер Қазақстанның ежелгі тайпалары екі европеоидтық, яғни андрондық және шығыс Жерортатеңіздік нәсілдердің араласуы нәтижесінде қалыптасқандығын көрсетеді. Б.з.б. II мыңжылдықтың ішінде олар сол кездегі Оңтүстік Сібір, Алтай, Арал, Волга бойы мен Орта Азия халықтарының антропологиялық түрінің қалыптасуына ықпал етті.

Андрон мәдени-тарихи қауымдастығының тайпалары батыста және солтүстік-батыста қима мәдени-тарихи қауымдастығының, оңтүстікте бірлесе суярган мәдениетін құрушы тазабағияб, солтүстікте самусь және томь, шығыста окупьев, кротов, самусь, вишнев - мәдениеттерінің тайпаларымен тығыз байланыста болды. Кейбір кезде оларды мекенінен ығыстырып отырды немесе олардың арасына сіңіп кеткен. Андрон қауымдастығының тарихындағы күрделі және шешімі табылмаған мәселелердің бірі - халқының этникалық жағдайы. Ол туралы бірнеше пікір бар. Угор халқының өрнектерін негізге ала отырып В.Н.Черницов андрондықтарды финно-угор этникалық тобына жатқызады. Оны венгрия ғалымы П.Вереш т.б. қолдайды.

Кейбір лингвистер, тарихшылар және археологтар Индоирандықтардың ежелгі жазба ескерткіштері - Авеста, Ригведа, Атхарваведа, Яджурведа, Шапапатха т.б., топонимика мен ономастика және археология деректері негізінде индоирандық немесе индоарийлік топқа енгізеді. Олардың пікірінше ол топ андрондықтардың алақөл мәдениетінің тұрғындары.

Ал андрондықтардың федор мәдениеті тұрғындарының шығуы, этникалық және тілдік анықтамасы әлі белгісіз, шешімі табылмаған мәселе.

Соңғы жылдары көптеген тіл мамандары, түркологтар, этнографтар, тарихшылардың (М.Ш.Ширалиев, М.З.Закиев, М.А.Хабичев, Г.А.Гейбуллаев, А.С.Аманжолов, О.С.Сүлейменов, К.Т.Лайпанов, И.М.Мизиев т.б.) саны көп түркі және түркі тілдес халықтардың түп тамырына арналған түбегейлі зерттеулер пайда болды. Олардың лингвистика, топонимика, ономастика, фольклор, этнографиялық және археологиялық ескерткіштерін талдау негізінде туған тұжырымдары бойынша түркілердің ертедегі ата-тегі неолит дәуірі кезінде пайда болып, шығыста Минусинск қазан шұңқырларынан, батыста Карпатқа дейінгі Евразияның кең далалары мен орманды даласы кеңістігінде өмір сүрген. Алғашында көпшілік ғалымдар түркілердің отаны Алтайдан басталады деп есептеген. Қазіргі таңда түркілердің атамекені Еділ, Жайық аймағы болған деп пікір айтқан Ю.Немета, А.Зайончковский және М.Ширалиевтерді жақтаушылар саны өсіп жатыр. Олардың есептеуінше б.з.б. IV мыңжылдықтың аяғында басталған ерте шұңқыр (древнеямный) мәдениеті Еділ-Жайықта пайда болып, 500-600 жыл ішінде Байкалдан Дунайға, Оралдан Шумерге, Сирияға және қазіргі Туркияның үлкен территориясына дейін тарайды.

Орта Азия далаларын мекендеген б.з.б. III мыңжылдықтағы шұңқырлы-афанасьевшілер қауымы б.з.б. II мың жылдығында өзіне туыстығы жақын кималық-андрондық этномәдени қауымымен орын алмасады; кейінірек

(б.з.б. ҮШ-УП ғғ.), аталымыш территорияның батысында скиф, шығысында сақ-массагет тайпалық ірі қоғамы-мемлекеттері қалыптасты. Түркі тілдерінің батыс-түрік және шығыс-түрік болып бөлінуінің негізі осы қималық-андрондықтар қауымдастығының негізіне келіп тіреледі.

Шығыс Қазақстанның қола дәуірі

Географиялық жағдайының қолайлығы мен түрлі-түсті металлдардың таусылмас бай кенінің болуы арқасында Шығыс Қазақстан жері бұл дәуірде Ескі материктегі мыс-кен өндіретін ірі орталықтардың біріне айналды. Осында көптеп жасалған еңбек құралдары, қару-жарақтар және әшекей бұйымдары көрші аймақтарға шығарылған. Жоғарғы Ертіс қола дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы айтарлықтай бай, дегенмен жаңа талаптарға сай хронологиялық және этномәдени атрибуттар мәселесі өзекті болып отыр.

XX ғ. 80-90 жж. Ермолаева А.С., Куш Г.А., Максимова А.Г., Оразбаев А.М. сияқты зерттеушілердің қазба жұмыстары нәтижесінде қола ғасыры кезеңіне жататын көптеген археологиялық материалдар қоры толықты.

Шығыс Қазақстанның қола дәуірі тайпаларының мәдениеті үш негізгі кезеңге бөлінеді: ерте, орта және кейінгі. Ерте кезеңге жататын көл жағасындағы тұрақтар Пеньки 1, 2, Железинка селосы және Қанай ауылы іргесіндегі қорымдары, Оңтүстік Сібірдегі афанасьевтік ескерткіштерінің жерлеу ғұрпына өте ұқсас келеді. Осы кезеңге А.М.Оразбаев зерттеген Черново ауылы маңындағы, сонымен бірге Өскемен қаласы түбіндегі Меновное ауылы жанынан табылған зираттар да жатады. Ұлан ауданының, Бестерек ауылы жанындағы Ақбауыр үңгіріндегі жазулар ерте қола дәуірінің тамаша ескерткіштерінің бірі болып табылады.

Орта және кейінгі қола дәуіріндегі археологиялық ескерткіштер әртүрлі және көп. Олардың бастылары: Зевакино, Кіші қойтас, Бетқұдық, Жаргас, Белокаменко, Измайловка, Қоғалы, Қызылтас, Сарыкөл қорымдары, Айыртау, Барашки, Құрық, Жаңашульбинка, Меновное қоныстары.

Аймақтан жиналған материалдар мұндағы тарихи-мәдени процестердің даму әрқелкі дамығанын көрсетеді. Б.з.д. II-I мыңжылдықтардың аралығындағы және б.з.д. I мыңжылдықтың алғашқы жартысында мәдени және хронологиясында елеулі өзгерістер болған. Өтпелі кезеңге жарқын ескерткіштерінің бірі Измайловка қорымының заттары, оның ішінде, әсіресе саз ыдыстар, беғазы-дәндібай мәдениетінің тайпаларының негізгі мекені Сарыарқадан Қазақстанның шығыс аймақтарына, Сібірге, Шыңжаңға дейін жеткенін көрсетеді. Шығыс Қазақстан бүкіл қола дәуірі кезінде көршілес аймақтарда өтіп жатқан тарихи-мәдени процестермен бірге дамып, көп жағдайда оған ықпал етті. Ол қола дәуірінің орта кезеңде жергілікті неолиттік негізде қалыптасқан Федор мәдениетіне жататын тайпалар мекені болды. Тайпалар негізінен көшпелі малшылар еді. Олардың үй кәсіптері, қола өндіру мен өндірудің жоғарғы сатысында дамыды.

Табылған жәдігерлер ішінде, әсіресе, қоныстарда жиі кездесетіні көп саз ыдыстар (керамика). Андрондық мәдени-тарихи қауымдастықтың таралу

аймағының шығыс аудандарында ыдыстың мойында жоғарғы ұштары бір-біріне қаратылған екі қатар қиғаш ұшбұрыштардан құралған өзіндік жергілікті өрнегі бар, көзе мен банка пішінді ыдыстардан тұратын.

Ертістің жоғарғы бойындағы қоныстардағы қола дәуірінің соңғы кезеңінің ыдыстары, алғашқы кезеңнің жалғасы екенін көрсетеді. Әсіресе темір ғасырына өтпелі кезең материалдары қола ғасырының соңғы дәуірінде болған интеграциялық және ассимиляциялық процестердің жарқын куәсі. Онда бірнеше мәдениеттер мен кезеңдердің белгілері бар заттар кездеседі. Мысалы, Измайловка зиратындағы бір молада тасмола ыдысымен қатар саргарын-алексеев типтес көзе қойылған. Көзе жасау ісі де жоғары дамыған.

Қола дәуірінің соңғы кезінде, кейінгі археологиялық мәдениеттерге негіз болған Федоровтық металл өндіру дәстүрі қалыптасқан. Осы кезеңдегі қоланың негізгі құрамдас бөлігі қалайы мен мыстан түзілген. Сондықтан, б.з.д. II мыңжылдықтардың екінші ширегінде қалайының жетіспеушілігі байқалды. Андрондықтар Кенді Алтайдағы кассинтрит кендерін игереді. Осында өндірілген қалайы, батысындағы мыңдаған шақырым жерлерге тасылған. Ертістің жоғарғы ағысында орналасқан көптеген көне қалайы кен орындары Еуразия металлургия провинциясы жүйесіне кіретін жарқын мәдениет орталықтарының негізгі қалайы көзі болған.

Қола дәуірімен темір дәуіріне өтпелі кезеңде мыс пен қалайы кендеріне бай Алтай атыраптарында кен өндіру мен балқыту орталығы болды.

Көне кен өндіру мен металл балқыту істері б.з.д. II мыңжылдықтардың басында пайда болып, б.з.д. II мыңжылдығы мен б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында шарықтау шегіне жетті. Оны біз Ертіс бойындан ашылған Жаңашульбинка қонысындағы көптеген куәлардан байқаймыз.

Нақ осы Жоғарғы Ертіс материалдары арқылы ерте темір ғасырына өтудегі жаңа шаруашылық-мәдени типтің қалыптасу процесі айқындалады.

Солтүстік Қазақстанның қола дәуірі

(Алексеевское қонысының мал және жер шаруашылығы)

Алексеевское селосының маңында қазба жұмыстарын жүргізу барысында ауқымды мал сүйектері жинақталып, бұл материалдар бізге кейінгі андронов мәдениетінің қонысындағы мал құрамына көз жүгіртуге мүмкіндік берген.

Жинақталған сүйектер мәдени қабатта біркелкі орналаспаған. Күл немесе ошақ орындарынан табылған мал сүйек қаңқалары өзінің жақсы сақталғандықтарымен ерекшеленеді.

№ 5 жеркепеді сүйектер үлкен үйінді қалпында кездескен. Сүйектердің тезек пен отын сияқты от жағуға пайдаланғандығында күмән жоқ. Ошақ орындарынан табылған сүйектер қатарында қой, сиыр, жылқы сүйектері кездеседі.

Қазба барысында табылған және жинақталған барлық мал сүйектерінің топтамасын жасағанда ең көп сүйектер қой немесе ешкі малына тиесілі болған.

Кіші қара (мүйіз) малын басқа ірі қара малға қарағанда көп ұстауы тек

еті емес, сонымен қатар оның терісі мен жүні де тоқу және тігу мақсатында көп асыраған көрінеді. Бұл мал жүндерін қонысты мекен еткен тайпалардың пайдаланғандығын дәлелдейтін № 1 жеркепеден табылған қыш ыдыстың қабырғасындағы жүн қалдықтары айғақ болады.

Әсіресе кіші қара мал құрбандық шалуға көп жұмсалған.

Сиыр мен жылқы саны тепе-теңдікте ұсталып, бірге бағылған.

Алексеев қонысының мал сүйектерінде бір дана түйе сүйегі кездескен.

Сонымен қатар қоныстағы тағы бір үй жануары болып саналған ит балып саналады. Үй жануарларының сүйектерімен қатар жабайы аңдар сүйектері де кездеседі, солардың ішінде: жабайы тур, бұғы, қаян, түлкі және т. б. жатады.

Мал шаруашылығымен қатар Алексеевское қонысы тайпалары жер шаруашылығымен де айналысқан. Шаруашылықтың мотыгалық жер шаруашылығы түрі орын алған. Жерді тас мотыгалармен өңдеп бидай еккен. Тас мотыгалар № 4 және № 5 жеркепелерден табылған. Мотыгалардың (кетпендер) ағаш саптары болған. Гін оруға арналған орақтар табылмаған, бірақта Қаратоғай қорымындағы № 3 жерлеу орнынан табылған орақты көз алдымызға алып, Алексеевское қонысында да осындай үлгідегі қалорақ пайдаланылған деп топшылауға немесе болжауға болады.

Барлық қоныстағы жеркепелерден дән үккіш тастар табылған. Аз көлемде қоныстан тас қолдиірмен қалдықтары табылды.

Алексеев қонысы халықтарының кетпенді жер шаруашылығы үлкен жерлерді игеруге мүмкіндік бермеді және көп күш пен уақытты қажет етті. Сондықтан егін (жер) шаруашылығы қоныс тайпалары үшін басты шаруашылық түрі болып есептелмеді. Басты күн көріс ал әлі де болса мал шаруашылығы кәсібі болып қала берді.

Металл, тас және сүйекті өңдеу кәсібі

Алексеевское қонысынан қазба барысында жинақталған қаладан жасалған құралдар мен қарулар, металдан жасалған әшекей бұйымдар осы қоныстың өмір сүру кезінде қаладан заттар мен бұйымдар құю өзінің шарықтау шегіне жеткен кез болса керек. Осы күні металлды өңдеу, балқыту және қалыпқа құю қоныстың шеңберінде ғана балғандығы дәлелденіп отыр. Бұл қағиданы растай түсетін жеркепелерден табылған көптеп кездесетін шлак қалдықтары.

Әсіресе шлақтың көбі құрбандық шалу төбесінің етегінен анықталды. Шлактан басқа барлық жеркепелерден қала құю немесе балқытуға арналған бұйымдар мен заттар: мыс рудасы қалдықтары, тигілдер, льячкілер, құю формалары, балғалар табылған. Жер қойнауынан қауып алынған шикізат сол жерде емес қонысқа әкелініп, осы маңда өңделіп, балқытылған. Алексеевское қонысындағы әшекей бұйымдар күмістен жасалған. Қоныс көлемінен балқыту пештері мен шұңқырлары табылмаған. Бірақ балқыту шұңқырлары болуы мүмкін деп санауға болатын орындар қоныстың № 6 және № 7 жеркепелерінен табылып, зерттеушілер оның реконструкциясын жасады.

Бұдан басқа № 1 жеркепеден құйылған қала сапты қала пышақ, жүзі

иілген қала, аяқ жағы сынып қалған қаладан құйылған қалорақ табылды.

№ 3 жеркепенің күлінің арасынан қаладан құйылған сүйір (жұқа) және ұзын болып келген кельт қаруы, жапырақтәріздес қолсабының ұшы дөңгелек тәріздес қанжар анықталды. Қоныстың көлемінің оңтүстік шеткі бөлігінен, атап айтсақ құрбандық шалу орны мен қоныс арасы шекарасынан құйылған қала екіқырлы (қанайты) садақ ұшы табылған еді.

Қоныс орнынан бұдан басқа соғу тәсілімен жасалған бірқатар қала заттары да тауып алынған. Солардың қатарында: төрт қырлы біз, кішкентай жапырақтәріздес пышақ;

Құю тәсілімен жасалған әшекей бұйымдарды да айта кеткен жөн, атап айтсақ: биконустық моншақтар, әртүрлі формадағы моншақтар. Әшекей бұйымдардың соғу тәсілімен жасалғандары қатарында: басма, шығынғы-шілген біріктірілмеген білезіктер. № 13 жерлеу орнында (әйел қабірі) біраз қоладан жасалған әшекей бұйымдар табылды. Қабірден табылған заттар қатарында сырғалар, сақиналар, белдемшелер, моншақтар, білезіктер кездеседі. Алексеевское қонысының әшекей бұйымдарында қаладан жасалған сыртқы бет жағында әртүрлі үлгідегі өрнектер қашап салынған. Ал № 4 жеркепеден өрнектері ойылып салынған тас тақтайша табылды. Тақтайшаны 2 жақты мақсатта пайдаланған болса керек, біріншіден қалып формасы, екіншіден өрнек салатын штамп болуы мүмкін.

Алексеевское қонысы дамыған қала дәуіріне жататындығын ескере отырып, оның енді тас бұйым-заттарына тақталып кету керек. Тас құралдар мен қарулар қатарында: пестылер, дәнүккіштер, балғалар, кетпендер, ступкілер, садақ ұштары, кіші және үлкен қырғыштар, найза ұшы кездеседі.

Тасты қарулардың жүздерін салуға тас ретушер пайдаланған. Жасалған тас құралдар мен қарулар шлифовка жасалған. № 2 жеркепе орнынан үш дана ступкі табылған, бұл бұйымдар краскілерді үру мақсатында пайдалынған көрінеді.

Алексеевское қонысының жеркепелерінен сүйектен жасалға алты садақ ұшы табылған. Садақ ұштары жалпақ, жапырақ тәріздес форма үлгісінде жасалған.

Керамикасы

Алексеевское қонысын қазу барысында оның мәдени қабатынан көптеген бүтін және сынған қыш ыдыстары жинақталды. Қала қыш ыдыстар сонымен қатар жерлеу орындары мен құрбандық шалу жерлерінен де табылған еді. Негізінен горшок тәріздес ыдыстарда тағам салынған.

Құрбандық қыш ыдыстарының тең жартысының үсті қақпақпен жабылған. Барлық жерлеу және құрбандық орындарының керамикасын 2 топқа бөлуге болады. Бірінші топқа жататындары – қарапайым банкі тәріздес горшок үлгісіндегі керамикалар, олардың қабырғалары тік немесе бүйірлі (шығыңқы) болып келген. ал екінші топқа жататын қыш ыдыстар қатарына горшок тәріздес, кейде ернеуі бүгілген және шеті бүгілген болып келеді.

Ыдыстың ернеуі мен иығының ортасында кішігірім шығыңқы немесе қыр (қабырға) бар.

Шығыңқы иығы бар қыш ыдыстардың сыртына кішітісті штамппен өрнек салынған. Орнаменттер меандр, штрихталған үшбұрыштар мен ромбылар, зигзагтер үлгісінде салынған.

Банкі тәріздес горшоктардың сырты қатар үлгісіндегі горизонталь зигзагпен елка тәріздес суреттермен өрнектелген.

Табылған қыш ыдыстар қатарында аз да болса ернеуі жіңішке немесе ұстайтын жері бар ыдыстар да кездеседі. Олардың өңделуі, иленуі мен өрнек салынуы онша мәз емес, қарапайым. Бұл ыдыстардың тек иықтары ғана үшбұрышты сызықтармен өрнектелген.

Батыс Қазақстанның қола дәуірі (Қола дәуіріндегі Үстірт қоныстары)

Соңғы жылдары Үстіртте З.С. Самашев басқарған А.С. Ермолаева және Т. Лошакованың қатысуымен жүргізген Археология Институтының Батыс Қазақстан экспедициясы қола дәуірінің ескерткіштерін ашып, зерттеді. Олардың ішінде аса маңызды орын алғандары - Тоқсанбай, Айтман, Манайсор I, II, III. Бұл қоныстар ұзақ уақыт өмір сүрген, оны қалыңдығы кейде үш метрге жететін мәдени қабаттар дәлелдейді. Олардың ең көнесі радиокөміртегі анализінен өткен Тоқсанбай материалдарына қарағанда шамамен осыдан төрт мың жыл бұрын пайда болған тәрізді.

Үстірттегі жаңадан ашылған ерте металл дәуірінің қоныстары шыңның үшбұрыш тәрізді шығып тұрған ұшына орналасқан. Кейінгі тектоникалық т.б. табиғи құбылыстар нәтижесінде бұрынғы орындары бұзылып, жылжып төбешік болып қалған.

Микротопографиялық талдау мен ландшафтық жағдайлары көрсеткендей, адамдар болашақ қоныс орнын таңдаған кезде бірнеше факторларды ескерген, оның ішінде ең бастылары - сыртқы жаулардан қорғану, тұщы су көздері; шаруашылық-өндіріс талаптарына сай қолайлы жер; аң аулайтын жердің және аңдардың су ішетін көзінің жақындығы.

Осындай және т.б. факторларды ескере отырып салған үй және шаруашылық құрылыстары өзіндік сипатқа ие.

Бөлме шұңқырларының формасы дөңгелек, материктік саз қабатында үңгілген. Тоқсанбайдың шетке жақын орналасқан кейбір құрылыстары қазіргі болжам бойынша екі қабатты болған сияқты. Яғни төменгі бөлменің төбесі жоғарғы бөлменің едені болған. Сонымен бірге, жиектерінің қирауы және шөгуі де мүмкін. Негізгі құрылыс материалдары қабыршақ пен әктас. Қабырғалардың ірге тасын тігінен қойылған ірі блоктар құраған, үстіне кіші көлемді плиталар көлденеңінен қаланған.

Бөлмелер едендегі жер ошақпен жылытылған.

Қоныстардың бірнеше метрлік мәдени қабаттарында сақталған көп мөлшердегі жануарлар сүйектері қола дәуірінде Үстірт тұрғындарының негізгі шаруашылық кәсібі көшпелі мал шаруашылығы мен аңшылық болғанын көрсетеді. Бұған әрине Солтүстік-Шығыс Каспий маңының табиғи-ландшафты әсер еткен.

Көптеп табылған пышақтар, біздер, білезіктер, тұтқалар, мыс кесектер,

кен қалдықтары, тигель сынықтары, кенді ұнтақтауға арналған келсаптар, тас шарлар және т.б. қола дәуіріндегі Үстірт тұрғындарының өмірінде металлургия мен кен байыту ісі маңызды орын ала бастағанын дәлелдейді. Бұл аталған заттардың көбі қоныстың металлургияның орталығы болған бөлігінен табылды.

Мыс және қола өнімдерін өндіру жергілікті кен орындарында негізделген.

Металлургия өндірісінің дамуына қарамастан, тұрмыста кремнийден жасалған еңбек құралдар мен қару-жарақтар - жебе, найза ұштары және т.б.

кеңінен қолданылды. Тастан тескіштер, шот, балта, қырғыштар, келсаптар, үккіштер т.с.с дайындалды. Қарулар, әсіресе кремний жыныстарынан жасалған қару-жарақтар жоғарғы сапалы өңдеу техникасымен және дайындалуымен ерекшеленеді.

Сыртқы жиектерінің бірі қойдың басы түрінде жасалған тас үккіш өте қызық. Осындай діни сипаттағы қой басы бейнеленген заттар Евразия территориясында белгілі.

Бұл зат алғашқы қала тұрғындарының жылдық цикл бойынша келетін діни-ғұрыптық рәсімдерінде пайдаланылатын өсімдік қоспаларынан галлюциногендік шикізат - хаоманы алу үшін қолдануы мүмкін.

Тоқсанбайдағы сүйек бұйымдары - қашаулар, тескіш-біздер, тегістегіштер, қалақша, қалыптар, т.б. сол сияқты осы құрал-саймандарды жасауға дайындалған шикізаттардан тұрады. Тегістегішті керамика және тері өнеркәсібінде, ыдыстың сыртын тегістеуге, ою-өрнек салуға жұмсап, сонымен қатар қалыптар мен қалақшалар, тері мен ағаш өңдеуде біз, тескіш, қашау т.б. пайдаланылған.

Бұйымдардың ең көбі керамика. Материалдық мәдениеттің бұл түрі қоғамның технологиялық даму дәрежесін және мәдениеттің ерекшелігін көрсетеді. Керамикалық ыдыстардың тұрпаты, ернеуінің үлгілері, сәнді ою-өрнектері өзінің алуан түрлілігімен, өзгешілігімен сипатталады.

Керамика өрнектері - тегіс сызып алу, түйреу, тарақ тісті, кейде ұсақ тісті қалыппен түсіріледі.

Ең көп тараған өрнек түрлері - көлденең және тік сызықтардың қиюлысуынан, бірқатар қиғаш кесінділерден, ирекше, шырша, ромбтардан тұрады. Аз кездесетін өрнектерге шимақталған үшбұрыштар, меандрлар жатады. Өрнекте қоғамның дүниетанымы, сиқырлы салт-жоралар және өмірге деген көзқарастары көрсетілген.

Бұл кезеңде Шығыс Каспий өңірі мен Үстірттің шөлді және жартылай шөлді аймақтарының Евразия даласының отырықшы жер өңдеуші өркениеттерімен байланысып алмасу территориясы болатын. Айтылған қоныстар мен басқа да ескерткіштерді қалдырған Үстірт және оған көршілес жатқан территория халқы, артефактілердің дәлелдеулерінше қаралып отырған тарихи кезеңде Оралда, Сібірде, Қазақстанның кең даласында, Орта Азия Қос өзен аралығында және Иран тауларында болып жатқан этномәдени процеске белсенді түрде тартылған. Үстірттегі соңғы олжалар Тоқсанбай материалдарына ұқсас Еділ-Жайық аймағының бірқатар ескерткіштерінің

материалдарына мәдени хронологиялық үлгі болу мүмкіндігін туғызып отыр.

Үстірттегі энеолит-қола дәуірінің мәдени ошағының, Арал мен Каспий теңізінің аралығында көсіліп жатқан алып шөл далада өткен тарихи жаңғыртудағы мәні зор. Ол ертедегі көшіп-қону мезгілі мен бағыттарын, мәдени-этникалық сабақтастық және Евразиядағы алғашқы пайда болу мәселелерін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қола дәуірі

Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде көптеген қорымдар, қоныстар, ертедегі кен орындары және тастағы суреттер ашылды. Жетісудың оңтүстік-батысындағы жерлерде қорымдар көбінесе Аңырақай жотасы мен Шу-Іле тауларының арасындағы кең жазықта, Шу-Іле тау жоталарында және Ойжайлау шатқалында орналасқан. Солтүстік-шығыс Жетісуда ескерткіштер Майбұлақ шатқалынан, Алматы қаласы жанынан, Ақсай селосының төңірегінен және биік таудағы, Көлсай маңынан, Көксу аңғарынан, Құйған шатқалынан табылды. Ескерткіштерді А.Г.Максимова, А.Н.Марьяшев, А.Горячев зерттеді.

Сонымен, Жетісудағы қола дәуірі тайпаларының далалық, тау бөктері және биік таулы өңірлерді мекендегені анықталды.

Жетісудың ең танымал ескерткіші Шу-Іле тауларының солтүстік-шығыс баурайының етегінде орналасқан Қарақұдық қорымы болып табылады. Тақта тастармен жабылған тас жәшіктерде балалар мен жасөспірімдер жерленген. Бір-бірімен беттестіре, ішке қарай ұмсындыра қаланған тақта тастардан тұратын және тақта тастармен жабылған жерлеу камерасы - цисталарда ересек адамдар жерленген. Балалар, сондай-ақ ересектер жерленген кейбір тас жәшіктер дөңгелек, сопақша немесе тік бұрышты қоршаулармен қоршалған. Барлық қаңқалар қол-аяқтары қусырылған күйінде, бастары батыс, солтүстік-батысқа қаратылып жатыр. Балалар қабірінде (олардың кейбіреулері тақта тастармен жабылған) бас жағына тостаған және құмыра тәріздес өрнек салынбаған бір қыш ыдыс қойылды. Ересектер моласынан үлкен ыдыстардың сынықтары, қола моншақтар мен сырт жағында ілмек сабы бар қола айна табылды.

Қола дәуірінің ортаңғы кезеңінен Оңтүстік Қазақстанда Қаратаудың солтүстік баурайына орналасқан Таутары қорымы бар. Мұндағы қоршаулар - жер үстіне қырынан қазылып орнатылған тақта тастармен немесе бетіне қойылған тастармен белгіленген, тік бұрышты, шаршы, сопақша келген, шеңбер түрінде.

Мәйіттер қайсыбірі тастармен жабылған жерден қазылған шұңқырларға қойылған. Мәйітті өртеу ғұрпы басым болған. Өртелген сүйектердің қалдықтары көбінесе шұңқырдың батыс жағына бір немесе бірнеше жерге үйілген немесе бүкіл батыс бөлігіне шашылған. Қабірдің шығыс немесе батыс бөлігіне тағам салынған бірден беске дейін қыш ыдыс қойылып отырған.

Ыдыстардың түбі жайпақ, бітімдері екі түрлі: көзелер және иіні дөңгелетіліп шығарылған немесе мойны мен бүйірі текпішек түрінде

жалғасатын құмыралар түрінде болып келеді. Олар негізінен тарақ тәрізді қалыппен өрнектелген. Әдетте өрнек ыдыстың мойнына, бүйірінің жоғарғы бөлігіне, кейде түбіне жақын жеріне және түбіне салынады. Тең бүйірлі шимакталған үш бұрыштар, сынық сызықтар, меандр, ойық, үш бұрыштар түріндегі, ыдыстың мойнынан бүйіріне қарай каннелюр түріндегі ою-өрнек салу кең тараған.

Қаратаудың оңтүстік-батыс баурайындағы, Бесарық шатқалдарында, Құйық жотасында тағы да бір қорым зерттелді. Бұл бір-біріне жанасқан бірнеше тас қоршаулар. Көлемі 90x100 см, қалыңдығы 20 см-ге дейін жететін тақта тастармен қырынан қазылып орнатылған қоршау ішінен көлемі 3,5x4,5м, 6 бөлік ашылды.

Түгіскен кесенесі Іңкәрдарияның оң жақ жағалауында орналасқан. Қазіргі құрғап қалған арнаның жағасын бойлай 400 метр алаңда 20 шақты үлкенді және кішілі ретсіз шоғырланған қорғандар жатыр. Кейінгі қола дәуірінің қорғандарын шикі кірпіштен тұрғызылған. Олардың айналасына топтаса немесе жанаса салынған әртүрлі формадағы және көлемдегі қабір құрылыстарының қирандылары орналасқан.

Ең ірі кесененің сырты дөңгелек, іші шаршы болып келеді. Диаметрі 15 метрге жуық, қабырғаларының қалыңдығы 4 метрге дейін жетеді. Көлемі 50 шаршы метр болатын ішкі бөлме жер бетінен 1,5 метр қазылып тереңдетілген. Кесенені өзінен 2 метр ара қашықтықта тұрған мықты дуалмен қоршап, айналма дәліз жасаған. Бұл құрылыс алғашында шамамен мынадай сипатта болған: биіктігі 6-8 м, қабырғасының қалыңдығы және биіктігі 3м дөңгелек формадағы ірі ғимарат болған.

Қабір бөлмесінің ішкі қабырғалары қамыс пен бұтақтардың қалың қабатымен қапталып және осында табылған жүзден астам қола шегеге карағанда, қабырғаларға кілемдер немесе киіздер ілінген болу керек. Еденіне ши төселген. Бөлменің шатырынан ешнәрсе сақталмаған, бірақ оны күмбезді болған деп шамалауға болады.

Құрылысы күрделі әрі бірнеше есе кіші көлемдегі келесі үш кесене де сәулетті және монументальды. Бұл үш кесененің көрнісі алғашында төменгідей болған. Ортасындағы дөңгелек аулада төртбұрышты (5x5 және 3x3 м) үй орналасқан. Оны айналдыра үсті жабық биік дөңгелек дәліз тұрғызылып, сыртынан шаршы бейнелі қоршау салынған.

Барлық кесенелер тоналған және өртеніп кеткен және оның қай кезде болғанын айту қиын. Бұл екі жағдайдың да ертеде болғаны күмәнсіз, оның үстіне тонау өрттен бұрын болғаны даусыз, өйткені құрылыстың қабырғалар мен басқа архитектуралық бөліктері бұзылмаған, ал лақатта сақталған марқұмның сүйектері және өрт іздері (көмір, күл) қорған үйіндісінде емес, еденде жатыр.

Түгіскен бейіттерінің бай болғанын кесененің көлемі ғана емес онан табылған заттар да дәлелдейді. Көлемі 15-тен, 50 шаршы метрге жететін әрбір лақат мәйітпен бірге алуан түрлі жабдықтар қоятын болған. Тонаушылар, өрт пен уақыт қабірдің көп бөлігін жойып жіберген, дегенмен сақталынып қалғандары жерлеу ғұрпының бай және салтанатты болғанын

көрсетеді. Түгіскен кесенелерінің бірінен (№6) 60-тан астам ас құйылған ыдыс табылды. Ыдыстардың негізгі бөлігін көзелер мен құмыралар құрайды. Кең тараған түрі қолдан жапсырылған, жақсы өңделген, сырты қара түсті жылтыратылған, ақ ұнтақпен сылап, неше түрлі геометриялық ою-өрнектер салған. Түгіскен кесенелері тайпа көсемдерін жерлейтін орын болған. Әрқайсысының маңына отбасы мүшелері мен жақын тұтқан малайларын жерлеген.

Түгіскен кесенелерінің салыну мерзімі б.з.д. X-УІІ ғғ. соңы. Тегінде Арал өңірінің тайпалары отырықшылар оазисі тұрғындарымен тығыз байланыста болса керек, олардан кейбір құрылыс салу әдістері мен ең алдымен кесенелер үшін шикі кірпіш дайындау элементтерін алған сияқты.